

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша )

Топ: ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;</li> <li>- негізгі қимыл түрлері: жүгіру дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</li> <li>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру.</li> <li>- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;</li> <li>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;</li> <li>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;</li> <li>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li> </ul> <p><b>Жүгіру.</b> Біркалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);</li> <li>- заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;</li> <li>- қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;</li> <li>- қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</li> </ul>

		<p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b> Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b> Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p><b>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</b> Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыным алу жаттығуларын жасау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;</li> <li>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік</li> </ul>

		<p>қорды байыту;  - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;  - артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;  - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;  - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.  <b>Сөздік қор</b>  Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (күз мезгілі, ауа райы, күз өнімдері, көлік түрлері, аңдар, ертегі кейіпкерлері) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;  - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;  - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;  Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.  Кітаптарға қызығушылықты ояту.  Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.</p>
	Қазақ тілі	<p>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;  - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;  - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік</p>

	<p>қорам байыту.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуге, өтінішін, ырзашылығын білдіруге сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, өстуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ә" дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;</li> <li>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жананы тануға, өзіне сенімділікке баулу;</li> <li>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.</li> </ul> <p><b>Сан.</b> «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктері қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p>

		<p>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;</li> <li>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;</li> <li>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;</li> <li>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;</li> <li>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);</li> <li>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);</li> <li>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.</li> </ul> <p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p><b>Заттық әлем.</b> Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b></p>

	<p>Ауа-райының жағдайын анықтау (сумқ, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>
Құрастыру	<p>- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусакпен, алақанмен, мактамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;</p> <p>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;</p> <p>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.</p> <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>
Сурет салу	<p>- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p> <p>Көлденен және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгіністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденен және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>
Мүсіндеу	<p>- бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p> <p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.</p> <p>Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгіністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.</p>
Жапсыру	<p>- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p> <p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан</p>

		<p>немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p>
	Музыка	<p>- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;  Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.  <b>Музыка тыңдау.</b>  Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.  <b>Ән айту.</b>  Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).  <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b>  Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.  Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p>